

БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ «ЖІГЕР» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан теледидарының танымал журналисі Бейсен Құранбек атындағы «Жігер» сыйлығы – кәсіби сыйлық болып табылады және журналистік шеберлік саласындағы жетістіктері үшін беріледі.

1.2. Бейсен Құранбек атындағы «Жігер» сыйлығы (бұдан әрі – Сыйлық), 2020 жылы Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қорымен (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) бірлесе отырып тағайындаған.

2. СЫЙЛЫҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Бейсен Құранбек атындағы «Жігер» сыйлығының мақсаты – жас журналистерді қолдау және олардың дамуына көмектесу, әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды жариялаумен айналысатын журналистер мен БАҚ-тардың қызметін көтермелеу және ынталандыру.

2.2. Сыйлықтың негізгі міндеттері:

- Бейсен Құранбектің журналистік шеберлік идеялары мен принциптерін көпшілікке тарату;
- БАҚ қызметкерлерінің өзін-өзі шығармашылық көрсетуі және кәсіби өсуі үшін моральдық және материалдық ынталандырулар жасау;
- Журналистік қоғамдастықта жаңа перспективалық есімдерді анықтау.

3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Конкурсқа Қазақстан Республикасының республикалық және облыстық телебағдарламалары қатыса алады;

3.2. Конкурсқа ұсынылған материалдар теледидарда 2021 жылдың 1

қаңтары мен 19 қыркүйек аралығында көрсетілуі тиіс;

3.3. Байқауға қазақ және орыс тілдеріндегі жұмыстар қабылданады;

3.4. Байқауға қоғам үшін өзекті мәселелерді көтеретін және әлеуметтік тақырыпты қозғайтын телебағдарламалар қатыса алады.

3.5. Сыйлық қатысушылары сыйлық өткізу шеңберінде презентацияларға, қайырымдылық іс-шараларына және баспасөз конференцияларына қатысуы мүмкін.

3.6. Сыйлық номинанты ұсынылған материалдардың заңды құқықтары үшін толығымен жауап береді. Номинант туралы ақпарат өтінімді толтыру кезінде қолданылған орфографиямен және пунктуациямен жарияланады.

4. СЫЙЛЫҚ НОМИНАЦИЯЛАРЫ

4.1. Марапаттар Бейсен Құранбектің журналистік қызметтегі принциптерін барынша толық көрсететін жұмыстары үшін беріледі.

4.2. Байқау жеңімпаздары диплом, «Жігер» естелік мүсіншесі және ақшалай сыйлыққа ие болады: I орын үшін - 1 000 000 теңге, II орын үшін - 500 000 теңге және III орын үшін - 300 000 теңге.

4.3. Сыйақы келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- егер жеңімпаз телебағдарламаны жасаушы телеарна болып табылса, ақшалай сыйлық пен естелік мүсіншені жеңімпаз деп анықталған телебағдарламаны жасаған телевизиялық арна алады.

- егер жеңімпаз телебағдарламаны жасаушы аутсорсингтік компания (телеарнамен шарттық қатынастардан тұратын) болған жағдайда, ақшалай сыйақыны аутсорсингтік компания алады, ал «Жігер» естелік мүсіншесі телебағдарламаға тапсырыс беруші болып табылатын және телебағдарламаны өзінің телеэфиріне орналастырған телевизиялық арнасына тапсырылады.

5. МАТЕРИАЛДАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Бейсен Құранбек атындағы «Жігер» сыйлығы қатысушыларды

алдын ала іріктеусіз бір турда өткізіледі.

5.2. Конкурса 2021 жылдың 1 қаңтары мен 19 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының республикалық және облыстық теледидарының телеэфиріне шыққан материалдар ұсынылады.

5.3. Ұсынылған материалдардың біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін конкурсты ұйымдастырушылар сыйлықты қазылар алқасын құрады және бекітеді. Қатысушылардың біліктілік талаптарына сәйкес келетін материалдарын бағалауды сараптамалық бағалау әдісімен сыйлықтың қазылар алқасы жүзеге асырады.

БАҚ материалдарын бағалау критерийлері (1-ден 5 баллға дейін):

- Конкурс талаптарына сәйкестік;
- Азаматтық ұстаным тұрғысынан әлеуметтік маңызы бар шеберлік деңгейі;
- Материалды ұсынудың жаңашылдығы мен ерекшелігі, кәсібилік;
- Жарияланымдардың сапасы (тұжырымдардың, сандардың, фактілердің дәлдігі).

5.4. Жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

5.5. Қажет болған жағдайда қазылар алқасының мүшелері конкурстық жұмыстарға қосымша талаптар қоюы мүмкін.

6. СЫЙЛЫҚТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. «Жігер» сыйлығына өтінімдерді қабылдау 2021 жылдың 20 тамыздан 20 қыркүйекке дейін «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қорының mdq.kz ресми сайтында жүзеге асырылады.

6.2. Сыйлықтың қазылар алқасы ұсынылған материалдарды бағалайды және үздік жұмыстардың авторларын таңдайды, оларды «Жеңімпаздар» деп анықтайды.

6.3. Марапаттау рәсімі 2021 жылдың қыркүйек айының соңына дейін өтеді.

7. СЫЙЛЫҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

7.1. Сыйлықты өткізуді үйлестіру ұйымдастырушыларға жүктеледі.

7.2. Сыйлықты өткізу кезінде ұйымдастырушы қатысушылар жіберген жұмыстар, қатысушылар тізімі, сыйлық жеңімпаздарының тізімі енгізілетін деректер базасын жасайды.

7.3. Сыйлықты ұйымдастырушылар өз жұмысында осы Ережені басшылыққа алады.

8. СЫЙЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

8.1. Конкурстық жұмыстарды бағалау үшін сыйлықты ұйымдастырушылар сыйлықтың қазылар алқасын құрады.

8.2. Қазылар алқасы ізденушілерді қарауды, талдауды және сараптамалық бағалауды жүзеге асырады.

8.3. Қазылар алқасының құрамына отандық медиасала мамандары, ғылыми және қоғам қайраткерлері, Бейсен Құранбектің үзеңгілес достары кіреді.

8.4. Қазылар алқасының құрамын сыйлықты ұйымдастырушылар бекітеді. Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.

9. СЫЙЛЫҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

9.1. Байқаудың іріктеу қорытындысы бойынша сыйлықтың қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

9.2. Көтермелеуге лайық материалдар болмаған жағдайда сыйлықтың қазылар алқасы ұйымдастырушыларға жүлделі орындар бермеуді ұсынуға құқылы.

9.3. Қазылар алқасы анықтаған сыйлық жеңімпаздары дипломдармен, мүсіншелермен және материалдық сыйлықтармен марапатталады.

10. МАТЕРИАЛДАРДЫ БЕРУ ШАРТТАРЫ

10.1. Сыйлыққа қатысу үшін телеэфирде осы Ережеде белгіленген

мерзімнен бұрын немесе кеш шыққан материалдар қабылданбайды. Ұсынылған материалдар коммерциялық сипатта болмауы тиіс.

10.2. Конкурстық материалдар «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қорының mdq.kz ресми сайтында толтырылады.

10.3. Байқау жұмыстарының тілі – қазақ, орыс.

10.4. Конкурстық материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Конкурсқа ұсынылған материалдар толық немесе ішінара бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ www.mdq.kz сайтта жариялануы мүмкін және басқа көздер.

Қосымша ақпарат +7 775 332 08 00 телефон арқылы алуға болады.